

Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 маусымдағы N 565 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы мемлекеттің кепілдіктерін және мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологиялары - азаматтардың ұрпақты болу қызметін түзетуге бағытталған диагностика, емдеу және оңалту жөніндегі медициналық іс-шаралар кешені;
- 2) эмбрионды имплантациялау - ұрықтанған аналық ұрық клеткасын жатыр қуысына салу;
- 3) инсеминация - ұрықтандыру мақсатында аталық жыныстық клеткаларды жатыр қуысына жасанды түрде енгізу;
- 4) клондау - генетикалық өзіне тән түрлерді өсіріп шығару;
- 5) контрацепция - қаламаған жүктілікті болдырмау әдістері мен құралдары;
- 6) отбасын жоспарлау - азаматтардың балалардың белгілі бір санын тууға және тәрбиелеуге, олардың туылуының аралық жиілігін саналы түрде таңдауына, сондай-ақ азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтауға бағытталған қызмет;
- 7) жыныстық клеткалар - аталық жыныстық клеткалар (сперматозоидтар) және аналық жыныстық клеткалар (аналық ұрық клеткалары);
- 8) ұрпақты болу денсаулығы - адамның толымды ұрпақты өмірге келтіру қабілетін көрсететін денсаулығы;

9) ұрпақты болу құқықтары - азаматтардың өздерінің ұрпақты болу денсаулығын сақтауға, азаматтардың некеде немесе некеден тыс балаларды тууға немесе туудан бас тартуға, бала бітіру және туу әдістеріне, олардың санына, туу уақыты мен жеріне, туудың аралық жиілігіне қатысты шешім қабылдауға және іске асыруға, сондай-ақ осы саладағы медициналық-әлеуметтік, ақпараттық және консультациялық көмекке құқықтары;

10) кұрсақ ана (суррогат ана) - донорлық эмбрион ендіріліп, нәресте көтеретін әйел;

11) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым мен білім, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы;

12) хирургиялық стерилизациялау - нәтижесінде әйел немесе еркек ұрпақты болу қабілетін жоғалтатын хирургиялық операция.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының - 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады және қызметі адамның ұрпақты болу құқықтарын Қазақстан Республикасының аумағында іске асыруға байланысты барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

4-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асырудың мемлекеттік кепілдіктері

Мемлекет азаматтарға:

- 1) ұрпақты болуды таңдау еркіндігіне;
- 2) ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және ұрпақты болу құқықтарының сақталуына;

- 3) кепілдік берілген көлем шегінде медициналық көмектің қолжетімділігіне, оның сабақтастығына, тегін болуына;
- 4) ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асыру мәселелеріне араласпауға;
- 5) бала туу туралы шешімді кемсітушіліксіз, қорқытусыз және зорлық-зомбылықсыз қабылдауына;
- б) жеке өміріне, өз басының және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуына кепілдік береді.

2-тарау. Азаматтардың ұрпақты болуы құқықтарын қамтамасыз етудің ұйымдық негіздері

5-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы мемлекеттік реттеу азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асырудың мемлекеттік кепілдіктері принциптеріне негізделеді.

2. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- 1) азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау жүйесін дамыту;
- 2) азаматтардың ұрпақты болу денсаулығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын қалыптастыру мен жетілдіру;
- 3) азаматтардың жыныстық өмір және бала туу, психоактивті заттардың, қолайсыз экологиялық факторлардың олардың ұрпақты болу денсаулығының жай-күйіне кері әсерін тигізетін мәселелер бойынша біліктілігін қамтамасыз ету;
- 4) азаматтардың бала тууға деген саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) жасанды ұрықтандыру және бала туудың өзге де мүмкіндіктері бойынша көрсетілетін медициналық қызметтерді қоса алғанда, консультация беру, ағартушылық, отбасын жоспарлау, медициналық көмек көрсету жөнінде көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- б) азаматтардың ұрпақты болу денсаулығы саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау болып табылады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын сақтау саласындағы біртұтас мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын және оларды жүзеге асыру кепілдіктерін әзірлейді;
- 2) азаматтардың ұрпақты болу құқықтары мен ұрпақты болу денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы

Президентінің актілеріне сәйкес азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган :

1) азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, мақсатты және кешенді бағдарламаларды іске асыру кезінде салааралық үйлестіруді, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады ;

3) өз құзыреті шегінде азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады;

4) азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау жүйесін дамыту және отбасын жоспарлау бойынша көрсетілетін қызметтер жөніндегі шараларды аяқындайды ;

5) жергілікті атқарушы органдар арқылы аумақтық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

6) азаматтарды хирургиялық стерилизациялауды жүргізу, жүктілікті жасанды түрде ұзу , жыныстық клеткалар донорлығы және оларды сақтау, ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын қолдану тәртібі мен шарттарын аяқындайды ;

7) ұрпақты болу денсаулығы саласындағы ақпараттық және ағартушылық қызметті қамтамасыз етеді ;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, кәмелетке толмағандарға имандылық және жыныстық білім, тәрбиелеу мен ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлейді;

9) ұрпақты болу денсаулығы саласында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне өз құзыреті шегінде лицензиялар береді ;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының - 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

8-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы құзыреті

1. Жергілікті өкілді органдар:

1) азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекітеді;

2) азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы бағдарламалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау саласында:

1) мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) жергілікті бюджеттерді әзірлейді және оның атқарылуы мен өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) салааралық ынтымақтастықты дамытады;

4) халықтың мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қатысуын ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды қамтамасыз етудің кепілдіктері

9-бап. Ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері

1. Азаматтардың:

1) ұрпақты болуды еркін таңдауға;

2) ұрпақты болу денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау жөнінде көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) өзінің ұрпақты болу денсаулығының жай-күйі туралы дұрыс және толық ақпарат алуға;

4) жүктілік кезеңінде, босанғанда және босанғаннан кейін денсаулығын сақтауға;

5) бедеуліктен емделуге, соның ішінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген ұрпақты болудың қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге;

6) жыныстық клеткалар донорлығына;

7) контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға;

8) хирургиялық стерилизациялауға;

9) жүктілікті жасанды түрде үзуге;

10) өзінің ұрпақты болу құқықтарын қорғауға құқығы бар.

2. Азаматтар өздерінің ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асыру кезінде басқа

азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауға м і н д е т т і .

3. Қазақстан Республикасында адамды клондауға тыйым салынады.

10-бап. Ұрпақты болуды еркін таңдау құқығы

Азаматтардың балалардың санына және олардың некеде немесе некеден тыс тууының уақытына, туудың арасындағы ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті аралық жиілікке қатысты еркін шешім қабылдауға құқығы бар.

11-бап. Кәмелетке толмағандардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау құқықтары

Кәмелетке толмағандардың ұрпақты болу денсаулығын сақтауға, сондай-ақ имандылық және жыныстық тәрбие мен білім алуға құқықтары бар.

Кәмелетке толмағандарға жыныстық білім беруді білім беру ұйымдарында арнайы әзірленген бағдарлама бойынша арнайы дайындықтан өткен адамдар кәмелетке толмағандардың жынысын, жасын, психофизикалық дамуының ерекшеліктерін және ата-аналарының пікірін ескере отырып, жүзеге асырады.

Кәмелетке толмағандарға имандылық және жыныстық білім мен тәрбие беру, ұрпақты болу денсаулығын сақтау, оларды отбасылық өмірге дайындау жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органмен бірлесе отырып қамтамасыз етеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының - 2006.07.07 . N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау

1. Азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және отбасын жоспарлауға байланысты қызметтер көрсетуді денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар қамтамасыз етеді.

2. Азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі медициналық көмекті денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар кепілдік берілген көлем шегінде тегін көрсетеді.

3. Ұрпақты болу денсаулығы саласында азаматтардың қатысуымен ғылыми зерттеулер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, ерікті негізде ғана жүргізіледі.

13-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңінде денсаулығын сақтау

1. Әйелдің жүктілік кезеңінде, босану кезінде және босанғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып , денсаулығын сақтауға және көмек алуға құқығы бар.

2. Жүкті, босанатын және босанған әйелдерге денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында медициналық, консультациялық және дәрілік көмек кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемі шегінде мемлекеттік бюджет қаражаты

е с е б і н е н

б е р і л е д і .

3. Жүктілік кезеңінде тексеру, емдеу және медициналық араласу әйелдің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Тексеруді, емдеуді және медициналық араласуды кешеуілдету өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін жағдайдағы не айналасындағылар үшін қауіпті аурудан (аурулардан) зардап шегетін әйелдің өміріне қатер төндіретін жағдайларда тексеруді, емдеуді және медициналық араласуды жүзеге асыру туралы шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

14-бап. Бедеуліктен емделу

1. Азаматтардың денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларда қауіпсіз және тиімді әдістермен, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рұқсат еткен ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалана отырып, олардың тиімділігі, қолданудың оңтайлы мерзімдері, ықтимал асқынулар, медициналық және құқықтық салдарлар туралы толық әрі түбегейлі ақпаратты және олардың ағзаға әсер етуіне қатысты өзге де мәліметтерді міндетті түрде ала отырып, бедеуліктен е м д е л у г е к ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Тіркелген некеде тұрған азаматтардың ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын өзара келісім бойынша ғана пайдалануға құқығы бар.

3. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалануға келісім берген азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ата-аналардың болашақ баланы тәрбиелеуге және асырауға қатысты тең құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

15-бап. Жасанды инсеминация, жасанды ұрықтандыру және эмбрионды имплантациялау

1. Әйелдердің жасанды инсеминацияға, жасанды ұрықтандыруға және эмбрионды имплантациялауға кұқығы бар.

2. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын (жасанды инсеминацияны, жасанды ұрықтандыруды және эмбрионды имплантациялауды) жүргізудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды .

3. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалану кезінде, жыныспен байланысты аурулардың тұқым қуалау мүмкіндігі жағдайларын қоспағанда, болашақ баланың жынысын таңдауға жол берілмейді.

4. Адамның эмбрионын коммерциялық (сатып алу-сату), әскери және өнеркәсіптік мақсаттар үшін алуға болмайды.

16-бап. Жыныстық клеткаларды сақтау

Неке жасына жеткен еркектер мен әйелдердің жыныстық клеткаларын с а қ т а у ғ а к ұ қ ы ғ ы б а р .

Жыныстық клеткаларды сақтаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган
б е л г і л е й д і .

*Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының - 2006.07.07
. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

17-бап. Құрсақ ана (суррогат ана) болу

1. Құрсақ ана (суррогат ана) болу құрсақ ана (суррогат ана) мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша, сыйақы төлеп не онсыз бала көтеруді және уақытынан бұрын босану жағдайларын қоса алғанда, бала тууды білдіреді.

2. Құрсақ ана (суррогат ана) болғысы келетін әйел шарт жасасуға дейін құрсақ ана (суррогат ана) болу әдісін қолдануға шешім қабылдаған тұлғаларға өзінің дене, психикалық және ұрпақты болу денсаулығы, сондай-ақ медициналық-генетикалық тексеру нәтижелері туралы толық ақпаратты беруге міндетті. Құрсақ ананың (суррогат ананың) медициналық, соның ішінде медициналық-генетикалық тексеруден өтуіне байланысты материалдық шығыстарды онымен шарт жасасатын тұлғалар көтереді.

3. Балалы болғысы келетін тұлғалар мен эмбрионды имплантациялау әдісін қолдануға өз келісімін берген әйел арасындағы келісім құрсақ ана (суррогат ана) болу шарты болып табылады.

Құрсақ ана (суррогат ана) болу шартында:

1) балалы болғысы келетін тұлғалардың және құрсақ ана (суррогат ана) болуға тілек білдірген әйелдің деректері;

2) құрсақ ананы (суррогат ананы) бағып-күтуге арналған материалдық шығыстарды төлеудің тәртібі мен шарттары;

3) тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

4) құрсақ ана (суррогат ана) өзі туған баланы өзімен шарт жасасқан тұлғаларға беруден бас тартқан жағдайда оған қатысты, сондай-ақ осы тұлғалар баланы алудан бас тартқан жағдайда оларға қатысты шарттар мен шаралар;

5) тараптардың келісімі бойынша айқындалатын өзге де шарттар қамтылуға тиіс.

Құрсақ ана (суррогат ана) болу шарты жазбаша нысанда жасалады және нотариаттық куәландыруға жатады, құрсақ ана (суррогат ана) болу туралы шарт құрсақ ана (суррогат ана) жүктілік режимін әдейі бұзған жағдайда бұзылуы мүмкін.

4. Құрсақ ана (суррогат ана):

1) жүктіліктің ерте мерзімінде (он екі аптаға дейін) медициналық есепке тұруға;

2) үнемі дәрігердің байқауында болуға және оның ұсынымдарын қатаң орындауға;

3) өз денсаулығының жай-күйін үнемі қадағалауға;

4) өзімен шарт жасасқан тұлғаларды жүктіліктің өтуі туралы хабардар етуге м і н д е т т і .

Құрсақ ананың (суррогат ананың) өзі туған баланы өзімен шарт жасасқан тұлғаларға беруден бас тартуға, сол сияқты баланы өзге тұлғаларға беруге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

5. Құрсақ ана (суррогат ана) болу әдісін қолдануға шешім қабылдаған тұлғалар оның қолданылуына, сондай-ақ құрсақ ананың (суррогат ананың) жүктілік, босану кезеңінде және босанғаннан кейін елу алты күн (асқынған босану немесе екі және одан көп бала туу жағдайында - күнтізбелік жетпіс күн) ішінде сауығуына байланысты материалдық шығыстарды көтереді.

6. Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан тұлғалар баладан бас тартқан жағдайда өздері құрсақ ананы (суррогат ананы) медициналық тексеруге, ұрпақты болудың қосалқы технологияларын қолдануға, сауықтыруға жұмсаған материалдық шығыстарды, өзге де шығындарды, сондай-ақ сыйақы болған жағдайда, оның сомасын құрсақ анадан (суррогат анадан) талап етуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан тұлғалар баладан бас тартқан кезде және құрсақ ана (суррогат ана) баланы қабылдаған кезде бұл тұлғалар құрсақ анаға (суррогат анаға) шартта белгіленетін мөлшерде және тәртіппен өтемақы төлеуге м і н д е т т і .

7. Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан тұлғалар баладан бас тартқан жағдайда аналық құқық құрсақ анада (суррогат анада) қалады.

8. Құрсақ ана (суррогат ана) баланы оның ата-анасына бергеннен кейін бұл балаға деген барлық құқықтарынан айырылады.

18-бап. Жыныстық клеткалар донорлығы

Он сегіз жастан отыз бес жасқа дейінгі, тәні мен психикасы сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтардың жыныстық клеткалардың доноры болуға қ ұ қ ы ғ ы бар.

Донорлардың өздерінің донорлық жыныстық клеткаларының кейінгі тағдыры туралы ақпаратқа қ ұ қ ы ғ ы жоқ.

19-бап. Контрацепцияны пайдалану

1. Азаматтардың контрацепция әдістері мен құралдарын, соның ішінде медициналық контрацепция әдістері мен құралдарын таңдауға, сондай-ақ олардан бас тартуға қ ұ қ ы ғ ы бар.

2. Азаматтарға денсаулық жағдайын, жасын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, контрацепцияның қолайлы әдістері мен құралдарын жеке іріктеу жөніндегі медициналық-әлеуметтік, консультациялық көмек көрсетіледі.

20-бап. Хирургиялық стерилизациялау

1. Қаламаған жүктілікті болдырмау әдісі ретінде хирургиялық стерилизациялау отыз бес жастан асқан немесе кемінде екі баласы бар азаматтарға қатысты, ал медициналық айғақтамалар мен азаматтың келісімі болған жағдайда - жасына және балаларының бар-жоғына қарамастан жасалуы мүмкін.

2. Хирургиялық стерилизациялауды денсаулық сақтау ұйымдары, жеке медициналық практикамен айналысатын, осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғалар осы операцияның қайтымсыздығы туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, азаматтың жазбаша келісімі бойынша ғана жүргізеді.

21-бап. Жүктілікті жасанды түрде үзу

1. Әйелдің жүктілікті жасанды түрде үзуге құқығы бар.

Жүктілікті жасанды түрде үзудің алдын алу мақсатында дәрігерлер моральдық-этикалық, психологиялық және келеңсіз физиологиялық салдарларды, ықтимал асқынуларды түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.

2. Жүктілікті жасанды түрде үзу - әйелдің қалауы бойынша жүктіліктің он екі аптаға дейінгі мерзімінде, әлеуметтік айғақтамалар бойынша - жүктіліктің жиырма екі аптаға дейінгі мерзімінде, ал жүкті әйелдің өміріне қатер төндіретін медициналық айғақтамалар және оның келісімі болған жағдайда - жүктіліктің мерзіміне қарамастан жасалады.

3. Кәмелетке толмағандардың жүктілікті жасанды түрде үзуі олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

4. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда әйелдің қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзуге дейін және одан кейін, контрацепция әдістері мен құралдарын жеке іріктеуді қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.

5. Абортты заңсыз жасау Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

22-бап. Азаматтардың өздерінің ұрпақты болу құқықтарын қорғау құқығы

Азаматтардың органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын іске асыруға байланысты іс-әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) және шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдарға немесе сотқа шағым жасау арқылы өздерінің ұрпақты болу құқықтарын қорғауға құқығы бар.

**23-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары туралы
Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны
үшін жауаптылық**

Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**24-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары
саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарға сәйкес азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының

Президенті